КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 02 қыркүйек іс № 5501-25-00-2/2012 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» Республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Байжуманов Алан Нурланович «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің Байжуманов Алан Нурланович «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Байжуманов Алан Нурланович «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Байжуманов Алан Нурланович «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 37 499 (отыз жеті мың төрт жүз тоқсан тоғыз) тенге тұрақсыздық айыбы және төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 3091 (үш мың үш тоқсан бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 02.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2025, судья Сләм А. С., 13.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5501-25-3-1/2251